



Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000,
Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, 41 ғимарат
тел.: 8 (7292) 31-91-20,
e-mail: zh.suleimenova@mangystau.gov.kz

№ 04-10-596 от 19.12.2024

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, 41 здание,
тел.: 8 (7292) 31-91-20,
e-mail: zh.suleimenova@mangystau.gov.kz

**«Планета-Г» ЖШС-нің директоры
О.Б.Каргабаеваға**

(Мекен жайы: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Арай шағын ауданы, 13 көшесі, 11 үй;
Телефоны: 8/7292/ 438-677;
E-mail: aktaugeo@mail.ru)

**Тау-кен жұмыстарының жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі
операцияларға тиісті экологиялық рұқсат алу, тиісінше осы Кодекстің
216 және 217-баптарында көзделген тау-кен жұмыстарының жоспарына және
жою жоспарына сараптамалар мен келісулер жүргізу қажеттігі туралы
ХАБАРЛАМА**

Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасы Маңғыстау облысы
Қарақия ауданындағы «Жаңажол» кен орнының солтүстік флангісі» кен орнынан
құм-қиыршық тас қоспасын, сазды жыныстарды өндіруге арналған лицензияны
беруге сұратылған жер қойнауы учаскесінің шекаралары «Батысқазжерқойнауы»
ӨД-нің 13.12.2024 жылғы № 26-10-4-2135 хаты негізінде келісілгендігін
хабарлайды (*Хаты жалғанды*).

Кен орын (учаске) атауы және орналасқан жері:	Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, «Жаңажол» кен орнының солтүстік флангісі» кен орны	
Пайдалы қазбаның түрі:	Құрылыс құмы	
Географиялық координаталары:	1. 43°22'54.01"	52°36'09.36"
	2. 43°23'00.56"	52°36'11.65"
	3. 43°23'05.91"	52°36'21.27"
	4. 43°23'08.27"	52°36'31.02"
	5. 43°22'57.39"	52°36'38.03"
	6. 43°22'51.06"	52°36'40.29"
	7. 43°22'51.06"	52°36'40.03"
	8. 43°22'44.06"	52°36'42.06"
	9. 43°22'40.02"	52°36'47.00"
	10. 43°22'38.28"	52°36'38.83"
	11. 43°22'49.76"	52°36'37.69"

	12. 43°22'56.02"	52°36'20.00"
	13. 43°22'54.51"	52°36'11.78"
	14. 43°22'52.22"	52°36'13.43"
	15. 43°22'48.94"	52°36'02.47"
	16. 43°22'52.02"	52°36'00.06"
	Ауданы – 27,5 га	

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 205-бабының 3-тармағына сәйкес, сұралатын жер қойнауы учаскесінің шекаралары жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органмен келісілген жағдайда құзыретті орган өтініш берушіге тау-кен жұмыстарының жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға тиісті экологиялық рұқсат алу, тиісінше осы Кодекстің 216 және 217-баптарында көзделген тау-кен жұмыстарының жоспарына және жою жоспарына сараптамалар мен келісулер жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жібереді. Хабарлама өтініш берушіге жіберілген күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде құзыретті органның интернет-ресурсында орналастырылуға тиіс.

Тау-кен жұмыстарының жоспарында сипатталған өндіру жөніндегі операцияларға тиісті экологиялық рұқсаттың көшірмесін, тиісті келісулер мен сараптамалардың оң қорытындыларын өтініш беруші құзыретті органға осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген хабардар ету күнінен бастап бір жылдан кешіктірмей ұсынуға тиіс.

Өтініш иесі құзыретті органға осындай ұзартудың қажеттілігін негіздей отырып, көрсетілген мерзімді ұзарту үшін жүгінуге құқылы. Құзыретті орган осы мерзімді, егер осындай ұзартудың қажеттілігі өтініш иесіне байланысты емес мән-жайлардан туындаса, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткен күннен бастап бір жылдан аспайтын кезеңге ұзартады.

Сонымен қатар, Кодекстің 207-бабының 1-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, өтініш иесі осы Кодекстің талаптарына сәйкес келісілген тау-кен жұмыстары жоспарының жобасын құзыретті органға беру мерзімін сақтамаса Құзыретті орган пайдалы қатты қазбаларды өндіруге арналған лицензияны беруден бас тартатындығын ескертеді.

Басқарма басшысы

Н.Қаржаубай



✉ А. Исқалиев
☎ 8/7292/31-91-16,
✉ ak.iskaliev@mangystau.gov.kz

Подписано

19.12.2024 18:24 Қаржаубай Нұржан Сағындықұлы



Исқалиев Ақтөк Болатұлы 24.12.2024 11:11

Тип документа	Исходящий документ
Номер и дата документа	№ 04-10-596 от 19.12.2024 г.
Организация/отправитель	УПРАВЛЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	ДРУГИЕ
Электронные цифровые подписи документа	 Государственное учреждение "Управление земельных отношений Мангистауской области" Подписано: ҚАРЖАУБАЙ НҰРЖАН MIR/gYJ...olWsUvls= Время подписи: 19.12.2024 18:24
	 Государственное учреждение "Управление земельных отношений Мангистауской области" ЭЦП канцелярии: ЕРМАКОВА КҮМІСАЙ MISOwYJ...QZ8MFfu+Z Время подписи: 19.12.2024 18:26



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Искалиев Ақтлек Болатұлы 24.12.2024